

Шешімнің күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 57 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қаңтарда № 3752 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 17 қарашадағы № 227 ұсынысына сәйкес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұқыр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 21 "Мұқыр ауылдық округіне қарасты "Талқұдық" қыстағына шектеу іс шараларын белгілеу туралы" шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3513 тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетінің 2016 жылы 26 мамырдағы жарияланған) күші жойылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Т. Әбдуалиев